

**Қызылорда облысының Қоғамдық даму басқармасының
“Жастар ресурстық орталығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен
“Жаңару” Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс”
Республикалық қоғамдық бірлестігінің**

**Қызылорда қалалық филиалы арасындағы
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

2025 жылғы “18” қараша

1. Жалпы ережелер

1.1. Қызылорда қалалық Қоғамдық даму басқармасының “Жастар ресурстық орталығы” КММ мен “Жаңару” Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс” Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда қалалық филиалы (Әрі қарай - Тараптар) арасындағы өзара қарым-қатынастарды айқындайтын осы ынтымақтастық туралы Меморандумды қабылдады және төмендегілер туралы келісімге қол қойды;

1.2. Бұл меморандумның мақсаты - жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, парасаттылық пен ашықтық құндылықтарын нығайту, ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды күшейту, бірлескен жобалар мен ішараларды ұйымдастыру арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған өзара тиімді ынтымақтастық орнату.

1.3. Тараптардың арасындағы өзара түсіністікті нығайтып, ортақ мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Меморандумда көрсетілген шарттар мен міндеттемелер тараптардың көзқарастары мен орындалуын нақтылау;

1.4. Ынтымақтастық мақсаттары мен міндеттерін анықтау арқылы меморандум аясында ұйымдардың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру.

2. Өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру

Тараптар ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары ретінде мыналарды айқындайды:

2.1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды күшейту, оның ішінде әлеуметтік желілерде, білім беру ұйымдарында және жастар ортасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2.2. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық кеңес беру, құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын ұйымдастыру;

2.3. Жастармен жұмыс істейтін ұйымдармен, білім беру мекемелерімен және басқа да мемлекеттік немесе қоғамдық құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау;

2.4. Жастар бастамаларын қолдау, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және қоғамдық-саяси процестерге қатысуына жағдай жасау; 2.5. Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыратын бірлескен жобалар, акциялар, тренингтер, семинарлар өткізу;

2.5. Сыбайлас жемқорлық фактілері мен тәуекелдеріне қатысты ақпарат алмасу, құқықтық кеңес беруге көмектесу және алдын алу тетіктерін қалыптастыру;

2.6. Әлеуметтік зерттеулер, мониторинг және талдау жұмыстарын бірлесе жүзеге асыру, жастар ортасындағы тәуекелдер мен проблемаларды анықтау.



3. Өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру

Осы Меморандум шеңберінде тараптар арасындағы ынтымақтастық туралы келесі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

3.1. Өзара мүдделі салалар мен бағыттарда ынтымақтастық орнатуға жәрдемдесу;

3.2. Меморандум аясында жастар ресурстық орталығы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау бағытында түрлі мемлекеттік, қоғамдық және білім беру ұйымдарымен бірлесе жұмыс жүргізе алады. Атап айтқанда, облыстық және қалалық прокуратура, полиция департаменті, Әдеп жөніндегі кеңсе, әділет департаменті, сот органдары, сондай-ақ Білім басқармасы, жоғары және орта арнаулы оқу орындары (университеттер, колледждер), жалпы білім беретін мектептер, жастар ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер, өнер мен мәдениет ұйымдары, ғылыми-зерттеу орталықтары, медиа және БАҚ өкілдері, қоғамдық кеңестер, кәсіпкерлер палатасы, ауыл шаруашылығы ұйымдары, қоғамдық белсенділер мен шығармашылық зиялылар сияқты мекемелермен бірлесіп, ақпараттық-ағартушылық жұмыстар, құқықтық түсіндіру сабақтары, профилактикалық кездесулер, тренингтер мен форумдар өткізіп, жастар ортасында парасаттылық, әділдік және ашықтық идеологиясын қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар ұйымдастыра алады.

3.3. Жүргізіліп жатқан зерттеулер бойынша жарияланымдар және материалдармен алмасуды жеңілдету;

3.4. Жастар саясаты бағытындағы мамандар үшін кәсіби тәжірибені ұйымдастыру және өткізу;

3.5. Жастар арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бағытында білім беру, кеңес беру, семинар, тренингтар ұйымдастыру.

3.6. Меморандум шеңберінде жүзеге асырылған жобалардың нәтижелерін бағалау, даму көрсеткіштерін бақылау, Өткен жобалар мен іс-шаралардың қорытындысын бөлісу.

5. Қорытынды ережелер

4.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер туындатайтын құжат ретінде қарастырады.

4.2. Осы Меморандум шеңберіндегі іс-әрекеттер Тараптардың қандай да бір өкілеттіктері мен құқықтарына нұқсан келтірмеу тиістілігіне негізделеді.

4.3. Осы Меморандумның қолданылу саласына қатысты мәселелер бойынша Тараптар арасындағы келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер немесе консультациялар жəолымен шешілетін болады. Осы Меморандум шеңберінде іс-әрекеттер жүргізу үшін жасалатын шарттарды (*рұқсаттарды*) іске асыру кезінде туындайтын келіспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген шарттарда (келісімдерде) белгіленеді.

4.4. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қолымен жазбаша нысанда рəсімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.



4.5. Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оны екі тарап өзара келісім бойынша немесе екінші Тарапты кемінде 30 күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, Тараптардың бірінің қалауы бойынша бұзған сәтке дейін қолданылады.

4.6. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан түзілген.

Қызылорда облысының
қоғамдық даму
басқармасының
“Жастар ресурстық орталығы”
КММ-нің директоры
Басаров А.Т.



“Жаңару” сыбайлас жемқорлыққа
қарсы жалпыұлттық қозғалыс” РҚБ

Қызылорда қалалық
филиалының төрағасы



Досманбетов С.Қ.